

"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы жөнінде

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің қаулысы 2001 жылғы 22 қараша N 15/2.

Ескерту. Қаулыға өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А. Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І. Өкеев, Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов, Қ.Ә. Омарханов және В.Д. Шопин қатысқан құрамда, мына өкілдердің:

өтініш субъектісінің - Қазақстан Республикасы әділет Министрі И.И. Роговтың, әділет вице-Министрі А.Н. Котловтың;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының - депутат Б.Г. Жұсіповтің;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің - депутат Т.М. Сисинбаевтың;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің - Қазақстан Республикасы қаржы вице-Министрі Н.А. Коржованың,

қатысуымен өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Парламенті 2001 жылғы 18 қазанда оның палаталарының бірлескен отырысында қабылдаған, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Z952529_ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының K951000_ Конституциясына сәйкестігі жөніндегі өтінішін қарады.

Колда бар материалдарды зерделеп, баяндамашылар Конституциялық Кеңестің мүшелері Н.І. Өкеев пен В.Д. Шопинді, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдалап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынанды

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 13 қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңды Республика Конституциясына сәйкестігі мәнінде қарауды сұраған өтініші келіп тұсті.

Премьер-Министрдің өтінішін қарап шығып, Конституциялық Кеңес, бұл Конституциялық заң мазмұндық және процессуалдық сипаттағы бірқатар ережелері бойынша Республика Конституациясына сәйкес емес деген үйғарымға келді.

Мәселен, бұл зандық кесім қазір қолданылып жүрген "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Z952529_ заңына бірқатар толықтырулар енгізіп, оларды қүшіне енгізу мемлекеттік шығысты қажет етеді:

- 25-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылған: "3. Парламент депутатының штаттағы көмекшілері және қоғамдық негізде жұмыс істейтін көмекшілері болуы мүмкін.;"

- 29-бап Республика Парламентінің жаңынан ғылыми-консультациялық кеңес пен баспа органы құрылуы мүмкіндігін белгілейтін 3-тармақпен толықтырылған;

- 30-бап мынадай мазмұндағы 3-1-нормамен толықтырылған: "3-1. Сайлау округтерінде депутаттық өкілеттікті жүзеге асыру үшін іссапар кезеңіне жергілікті атқарушы орган депутатқа қызметтік үй-жай және автомобиль көлігін береді.".

Бұл аталған нормаларды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қорытындысы бойынша, республикалық бюджеттің де, жергілікті бюджеттердің де шығысын қажет етеді.

Жоғарыда баяндалғанды ескеріп, Конституциялық Кеңес, бұл аталған толықтырулар Қазақстан Республикасы Конституациясының 61-бабы 6-тармағының талаптарын бұза отырып қабылданған деп есептейді.

Конституциялық Кеңес сондай-ақ Парламент қабылдаған Занда өзінің мазмұны жағынан Конституцияға қайшы келетін нормаларды тауып отыр.

Мәселен, қаралып отырған Заңның, Парламент депутатының штаттағы көмекшілері болуы мүмкін деген нормасы (10-тармақтың 2) тармақшасы) Республика Конституациясының 44-бабы 9) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Конституациясының 44-бабы 9) тармақшасын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 14/2 S010014_ қаулысына қайшы келеді. Атап айтқанда, бұл қаулымен, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын тиісті органдар қызметкерлерінің жұмысын ақшалай қамтамасыз етудің көлемі мен шарттары жөніндегі түпкілікті шешімді, бұл органдардың жалпы штат санын анықтау, мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімдерін және санаттарының тізбелерін белгілеу негізінде, Республика Президенті қабылдайды деп түсіндірлген.

Одан тыс, осы Заңның 2-бабында "8-баптың 3-тармағындағы "өздерінің құзыретіне" деген сөздер, "осы тұлғалардың құзыретіне" деген сөздермен ауыстырылсын." деп көзделген. Бұл нормадан келіп шығатыны, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғалары, олардың сессияға қатысу

қажеттігі туралы Парламенттің немесе оның Палаталарының шешімі қабылданса, Парламентке келіп өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсініктер беруге міндетті.

Алайда, Конституцияның 3-бабының 4-тармағына сай Республикада мемлекеттік билік біртұтас және де ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұдан келіп шығатыны, билік тармақтарының әр біріне белгілі бір өкілеттік берілген. Республика Конституциясы Парламенттің, оның Палаталары өкілеттігінің толық тізбесін белгілейді және Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолынан басқа, оларды кеңейтуге рұқсат бермейді. Бұл норма "Парламенттің және оның Палаталарының өкілеттігін белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-57-баптарын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 15 қазандығы N 17/2 S970017_ қаулысында баяндалған. Демек, өзінің конституциялық өкілеттігінен келіп шығып, Парламент мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларын оның (Парламенттің) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ғана қажетті түсініктер беруге міндеттеуге хақылы.

Қабылданған заң кесімінің 8-тармағы арқылы қолданыстағы Конституциялық заңның 19-бабының 3-тармағы "Республика Президенті Парламент қабылдаған заңның Конституцияға сәйкестігі туралы Конституциялық Кеңеске жүгінетін жағдайларды қоспағанда." деген сөздермен толықтырылды. Бұл ереже Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына керегар, өйткені оған сай Конституциялық Кеңес Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін тек Республика Президентінің өтініші бойынша ғана емес, Сенат пен Мәжіліс Төрағаларының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініштері бойынша да қарайды, ол да сондай-ақ заңға қол қою мерзімінің тоқтата турылуына әкеп соқтырады.

Осылайша, қаралып отырған Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді және Конституцияның 74-бабының 1-тармағына сай оған қол қойылмайды және құшіне енгізілмейді.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық U952737_ заң құші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

қаулы етеді:

1. Республика Парламенті 2001 жылғы 18 қазанда қабылдаған, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Z952529_ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заң конституциялық емес деп танылсын.

2. Аталған Заңға, Қазақстан Республикасы Конституациясының 74-бабының 1-тармағына сай, қол қойылмайды және ол күшіне енгізілмейді.

3. Қазақстан Республикасы K951000_ Конституациясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндettі және Қазақстан Республикасы Конституациясының 73-бабы 4-тармағында

көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің

Төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК